

6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Колдасбаева Багила Джумабаевнаның «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертацияға ғылыми кеңесшісінің

ШКІРІ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беруді реформалау жоғары кәсіби мәдениетті, шығармашыл және әлеуметтік белсенді, қоғамдық-саяси өмірде өз бетінше әрекет ете алатын, перспективаға міндеттер қойып, шеше алуға қабілетті жаңа буын кадрларын қалыптастыруға бағытталған. Түбегейлі қоғамдық өзгерістер педагогикалық тенденцияларды қайта қарауды талап етеді, яғни педагогтарды даярлау және білім беру үрдісінде жаңа амалдарды белсенді дамыту. Педагогикалық әдебиеттерде педагогтың рөлінің өзгеруі білім беру парадигмасындағы рөлдердің ауысуын білдіреді.

Заманауи педагог оқыту мен оқу саласының сарапшысы ретінде қарастырылады, бұл сала біліктілікті арттыру мен міндетті өзін-өзі білімдендіру аясында мұғалімнің үнемі өзін-өзі жетілдіруін қамтиды. Аталмыш сапа-қасиеттердің маманның бойында болуы, қойылған талаптарға жауап бере алуы педагогтарда акмеологиялық әлеуетінің жоғары деңгейде дамығанының көрсеткіші деп айта аламыз.

Педагогтың акмеологиялық әлеуетін дамыту -бүгінгі дене мәдениеті педагогтарының қоғамның ақпараттандыру жағдайында кәсіби ұтқырлығы мен кәсіби дамуға қабілетті, жоғары білімді және жоғары білікті мамандарды даярлау.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесі Қазақстандық дене шынықтыру және спорт ғылымының дамуында әлі де зерттелмегенін анықтадық, осы себепті жүйелі, әрі кешенді түрде зерттеуді талап етеді. Сондықтан болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту мәселесі бүгінгі таңда жоғары кәсіби білім беру саласында өзекті болып табылады.

Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері.

Аталмыш ғылыми зерттеу докторлық диссертация әзірлеу алгоритміне сәйкес дайындалған: кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі және қосымшаны қамтиды.

Б.Д.Колдасбаеваның докторлық жұмысы қазақстандық және шетелдік ғылымда негізделген әдіснамалық амалдарға сүйенеді.

Тұлғаның біртұтас кәсіби дамуының акмеологиялық идеяларын ескере отырып, ізденуші оларды болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуда қолданады.

Ізденушінің нәтижелерді алуға жеке қатысуы.

Ізденушінің нәтижелерді алудағы жеке үлесі әдіснамалық аппаратты әзірлеуде орын алады: зерттеудің нысанын, пәнін, мақсаты мен міндеттерін анықтауда, ғылыми зерттеу әдістерін тандап тиімді пайдалануда.

Сонымен қатар, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың авторлық моделін әзірлеп, жүзеге асыруда тиімділігін көрсете білген және қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін ендіру актілерімен растаған.

ҚР БҒМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шеңберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.

Бірінші нәтиже-докторант акмеология, акмеологиялық амал, акмеологиялық әлеуетке қатысты теориялық және әдіснамалық мәселелерге талдау жүргізген. Ізденуші болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың мазмұнын біртұтастықта көрсетуге тырысқан.

Екінші нәтиже- акмеологиялық әлеуеттің ерекшеліктеріне сипаттай келе, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәнін нақтылап, құрылымын әзірлеген.

Үшінші нәтиже- болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделінде зерттеудің тұжырымдамалық қағидалары жүйеленіп, көрсетілген.

Төртінші нәтиже-эмпирикалық зерттеу мәліметтері негізінде болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемсі апробациядан өткізіліп, тиімділігі анықталған.

Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылық дәрежесі және олардың жаңалығы.

Алынған барлық нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі дұрыс таңдалған психодиагностикалық, әдістемелік құралдармен, эксперимент бағдарламасымен, сандық және сапалық өңдеу әдістерімен қамтамасыз етілген.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Ізденуші Б.Д.Колдасбаева ғылыми зерттеу аясында «5B010800-Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған «*Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері*» элективті курсы, *Кәсіби жетістік акмеологиясы*» семинар практикумы; оқу-әдістемелік құрал даярлап, ЖОО-ның тұтас педагогикалық процесіне енгізген және авторлық құқықты қорғау туралы куәлігі алынған.

Жұмыстың «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын ҚР БҒМ талаптарына сәйкестігі.

Б.Д.Колдасбаеваның диссертациялық жұмысы алынған ғылыми

нәтижелері бар өз бетінше жазылған толыққанды зерттеу болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынымдарына сәйкес ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіптік даярлау теориясы үшін де, практикасы үшін де жоғары ғылыми маңызы бар. Колдасбаева Багила Джумабаевнаның «**Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту**» тақырыбындағы жұмысы «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкес келеді.

Докторант Б.Д.Колдасбаеваның диссертациялық жұмысы «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайық деп санаймыз.

Ғылыми кеңесші:

PhD докторы, қауымдастырылған профессоры, Қазақ спорт және туризм академиясының «Күрес және ұлттық спорт түрлері» кафедрасының меңгерушісі

А.Б.Дошыбеков



Колын *А.Б.Дошыбековтың*
Растаймын қызметкерлерді басқару және іс жүргізу бөлімінің бастығы
Подпись *Масер*
Заверяю нач. ОУПД

23.10.2023.